

С.А. Алиева , Г.С. Шамшиева* 

М. Тынышпаев атындағы Логистика және
Көлік академиясы, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: goha_hanum@mail.ru

АНТРОПОЦЕНТРЛІК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада дала тарихының куәсі болып табылатын қазақ және орыс тілдеріндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі туралы, дала тарихы мен мәдениетін кешенді қарастыру мақсатында қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған рухани мұрасы болып табылатын мақал-мәтелдерінің жинақталып зерттелуіне талдау жасалды. Мақалада халықтың өзімен бірге жасап, екшеліп, бірден-бірге мұра болып келе жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі – қазақтың мақал-мәтелдері тарихи дерек көз ретінде қарастырылған. Мақал мен мәтелдің шығу себебіне назар аударылып, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығына, мәдениетіне қатысты айтылған сөздердің мағынасы ашылған. Қазақ мақал-мәтелдері өте көп және тақырыптары да әр алуан: отан, еңбек, шаруашылық, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, салт-дәстүр, ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Мақал-мәтелді зерттеу барысында олардың бір-бірімен байланысы мен өзгешелігіне де мән берілді. Сонымен қатар, мақал мен мәтелдің ғасырлар бойы толығып немесе өзгеріске ұшырап отыратынына да назар аударылды. Жарияланған, сондай-ақ қолжазба қорлардан мақал-мәтелдер жинақталып, даналық сөздердің қалыптасуына белгілі бір тарихи кезеңдердегі түрлі оқиғалардың әсері анықталған.

Түйін сөздер: қазақ қоғамы, қазақ халқы, мақал-мәтел, зерттелу барысы, тарих, шаруашылық, салт-дәстүр.

S.A. Alieva, G.S. Shamshieva*

M. Tynyshpayev Academy of Logistics and Transport, Kazakhstan, Almaty
*e-mail: goha_hanum@mail.ru

History of the study of anthropocentric proverbs and sayings

The article was written in the framework of the purposefully program-funded project «Ethnocultural structure of the traditional nomadic society (XIII-XVIII centuries)». In order to comprehensively examine the history and culture of the Great Steppe, the spiritual heritage of the Kazakh people, accumulated over the centuries, were collected, sorted, and examined – that is proverbs and sayings. In the article, proverbs and sayings are considered as historical sources of data that developed with the people, were selected by them and are their legacy. Also attention is paid to the reasons for the appearance of proverbs and sayings. The meaning of words spoken regarding the life, economy and culture of the people is revealed. There are many Kazakh proverbs and sayings and they have different themes: homeland, work, household, livestock, agriculture, health, traditions, courage, heroism, good and bad people, etc. During the research of proverbs and sayings, their relations with each other and their differences are paid attention to. In addition, attention is drawn to the fact that proverbs and sayings filled and changed for centuries. Proverbs and sayings were collected from published and handwritten sources, and the effects of various events of certain historical periods on the formation of words of wisdom were revealed.

Key words: Kazakh society, Kazakh people, proverbs and sayings, historical facts, history, economy, tradition.

С.А. Алиева, Г.С. Шамшиева*

Академия логистики и транспорта им. М. Тынышпаева, Казахстан, г. Алматы
* e-mail: goha_hanum@mail.ru

История изучения антропоцентрических пословиц и поговорок

Статья написана в рамках программно-целевого финансируемого проекта «Этнокультурная структура традиционного общества кочевников (XIII-XVIII вв.)». В целях комплексного рассмотрения истории и культуры Великой степи были собраны, проанализированы и исследованы

накапливавшееся веками духовное наследие казахского народа – пословицы и поговорки. В статье пословицы и поговорки рассматриваются в качестве исторических источников, которые развивались с народом, отбирались им и являются его наследием. Также внимание уделяется причинам появления пословиц и поговорок. Раскрыт смысл слов, сказанных относительно быта, хозяйства и культуры народа. Казахских пословиц и поговорок много и темы у них разные: родина, труд, хозяйство, животноводство, земледелие, здоровье, традиции, мужество, героизм, хороший и плохой человек и др. Во время исследований пословиц и поговорок было уделено внимание их связям между собой и их различиям. Помимо этого, внимание обращено на то, что пословицы и поговорки веками наполняются и изменяются. Были собраны пословицы и поговорки из опубликованных и рукописных источников, выявлено влияние различных событий определенных исторических периодов на формирование слов мудрости.

Ключевые слова: казахское общество, казахский народ, пословицы и поговорки, исторический источник, история, хозяйство, традиция.

Кіріспе

Кез келген халықтың ерте замандардан тырнақтап жинап, шаң жуытпай сақтап, атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жатқан асыл қазынасының бірі – мақал мен мәтел. Мақал мен мәтел жай сөз емес, ол – сөз атасы, сөз көркі, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, қысқа болса да, нұсқа сөз. Ауызекі тілде болсын, жазу тілінде болсын дәл мақал-мәтелдей сөзге сараң, мазмұнға бай ешбір шығарма түрі жоқ. Халқымыздың асқан даналық, таң қаларлықтай шешендік қасиеттерін өз бойында дәл мақал мен мәтелдей мол және әр жақты жинап сақтаған шығарма жанры болған емес. Халық қай жерде ұзақ уақыт өмір сүрсе, сол жердің географиялық ерекшелігі, сол халықтың тарихи-табиғи ортаға бейімделуі, мәдениеті, тарихы оның лексикасынан, сөздік қорынан көрініс табады. Қазақтың мақал-мәтелдері ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері қарай ел арасынан жиналып, басылып келеді. Қазақтың шешендік-тапқырлық, мақал-мәтел, нақыл сөздерін алғаш жинап жариялаушы ағартушы – Ыбырай Алтынсарин. Ол халық даналығының балаларды тапқырлыққа, өткірлікке, адамгершілікке баулитын тәрбиелік мәнін дұрыс түсінген ағартушы ретінде дер кезінде қажетке жарата білді.

Материалдар мен әдістер

Біз бұл мақалада тарихи зерттеулерде көп қолданылатын – қазақ және орыс тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелуінде пайдаланылатын салыстырмалы әдісті, уақыт бойынша жүйелейтін – мерзімдік әдісті және жалпы қорытынды шығаруға көмектесетін логикалық және жүйелілік әдістерді қолданамыз. Сонымен қатар, осы уақытқа дейінгі шыққан еңбектерге сараптама жасай отырып, талдау жұмыстарын жүргіземіз.

Мақаланың деректік қорларына, осы уақытқа дейін шыққан қарастырылып отырған мәселе бойынша шетелдік және отандық кеңестік Ресей зерттеушілерінің еңбектері, орыс, қазақ мақал-мәтелдерінің жинақтары жатады. Бұрын мақал-мәтелдерді зерттеу әдебиетші тілші мамандардың еншісінде болып келсе, ХХІ ғасырдағы жана теориялық-танымдық әдістемеге сәйкес тарихшы мамандар да халықпен бірге жасап келе жатқан ой-санамен, мәдениетпен және адамның тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты мақал-мәтелдерге назар аудара бастады. Мақал-мәтелдерге танымдық тұрғыдан қарау, басқа да деректермен салыстыра зерттеп, тұжырымдар жасау дәуір, кезең, қоғам тынысын, халықтың шаруашылығы мен мәдениетін тануға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерді зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, топтау, текстологиялық талдау, салыстыру жұмыстары жүргізіледі. Мақал-мәтел, нақыл сөздерді зерттейтін паремиология ғылымының принциптері де негізге алынды (Алефиренко, 2018: 344; Ошева, 2013: 75-88; Пермяков, 1988: 240). Мақаланы жазу – жалпы ғылыми тарихи принципке, жүйелілікке, салыстырмалы талдауға негізделді. Қазақ мақал-мәтелдерінің мәтіндеріне құрылымдық талдау жасаумен біраз жыл іздену нәтижесінде ғалымдар төмендегідей қорытындыларға келген болатын. Қазақ мақал-мәтелдерін дәстүрлі тақырыптық топтарға бөлу (Отан, еңбек, мал, достық, т.б.) жанрдың табиғатын толық ашып бере алмайды. Жанрға құрылымдық талдау жасау принципі ғана мақал мен мәтелдің табиғатын, жанрлық, өзара ауысу, өзгеру, мағыналық даму құбылыстары мен заңдылықтарын нақты дәлелді түрде анықтайды. Себебі, кіші жанрларды былайша топтастыру олардың сыртқы белгілеріне қарай емес, объективті заңдылықтарға, яғни барлық мәтіндердің ортақ белгілерін ажыратуға негізделетіндіктен, шын мәніндегі

типологиялық зерттеулердің өзегі болып табылады.

Нәтижелер мен талдаулар

Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелуі Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен басталды. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштерде мақал-мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» (Күлтегін жыры), «Өлімнен ұят күшті» (Тонькөк жыры) деген мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Махмұт Қашһаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінде: «Ұлық болсаң кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құтадғу білікте»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз басын жояр» деген мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректер мақал-мәтелдің шығу тарихы өте ертеден басталғанын көрсетеді. Және бір айта кетерлігі бұл мақалдардың күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін жоймауында. Күні бүгінге дейін олардың қолданыста болуы XII ғасырдан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тікелей иесі қазақ деген халық болып табылатындығының нақты бір куәсі деп есептейміз. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Шоқан Уәлиханов. И.Н. Березин мен Ш.Ш. Уәлиханов мұрағаттарында XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден астам аса мақал-мәтел сақталған.

Қазақ мақал-мәтелдерін Ә. Диваев, М.-Ж. Көпеев және орыс ғалымдары А.А. Васильев, Ф. Плотников, П.А. Мелиоранский, В.В. Катаринский, В.В. Радлов және тағы басқалар жинап, баспаға ұсынды. В.В. Катаринскийдің Орынборда 1899 жылы «Памятная книжка Тургайской области...» дейтін кітабында жарияланған қазақ мақал-мәтелдерінің жинағын атап өткен жөн. Жинақта бір мың бес жүздей мақал-мәтел басылған. «Мақал-мәтелдер – халық творчествосының ең көне түрі. Сонымен қатар олар көне заманда туылған күйі қатып-семіп қалған емес, дәуір өзгерген сайын молайып, толығып отырған. Халық тұрмысындағы әрбір елеулі кезең, жаугершілік, шапқыншылық болсын, той-думан болсын, шаруашылыққа байланысты жағдайлар, қуаныш-реніш, мұң, азат пен рахатты кездер түрлі айтушылардың өңдеулерінен өтіп қалыптасқан, мақалға айналған,» – дейді Ә. Диваев.

Түркі тілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда қыруар еңбек сіңірген академик В.В. Радлов (1837-1918) қазақ сахарасының

әрбір сөзі мен жырын, жұмбақтары мен мақал-мәтелдердің асыл лағыл тасқа балап, ерінбей жинап, моншаққа тізген. Мақал-мәтелдерді зерттеуде Ә. Диваевтың ролі күшті. Халық арасынан жинаған мақал-мәтелдерін ол 1900 жылы жеке кітап етіп шығарады. Ал 1905 жылы Тоқболатов жинап берген қазақ мақал-мәтелдерінің жиырма алтысын “Туркестанские ведомостіге” бастырады. Ә. Диваев қазақ мақал-мәтелдерінің кездескен барлық нұсқаларын толық қамтып жазуды мақсат еткен. Қазақ мақал-мәтелдерін елу топқа бөліп қарастырған (аңшылық, отан, әйел туралы, жануарлар, аң-құстар, шөптер, туған жер, жанұя туралы, ағайын-туыстық туралы, ер-жігіттік туралы т.б.).

Мақал-мәтелдерді қазақ тілінде 1914 жылы алғаш рет Қазан қаласында, 1923 жылы Мәскеуде «Мың бір мақал», 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» (Құрастырушы А. Диваев), 1935 жылы Алматыда «Қазақтың мақалдары мен мәтелдері» (Ө. Тұрманжанов) басып шығарды. Алайда, бұл жинақтардың бәрі үстем тап мүддесінен туған, халық тілегіне жат мақал-мәтелдер ретінде (Ақмұқанова, 1950: 12) идеялық мазмұны жағынан сынға алынды. Кітапқа «Қырағылық туралы», «Қоғамдық, таптық халжайлар» туралы мақалдар бөліп көрсетілді. 1950 жылы басылып шыққан жинақта (редакциясын басқарған Б. Ақмұқанова) мақал-мәтелдерге сын көзімен қаралып, әрбір нұсқаның идеялық мазмұнына талдау жасалып, мағынасына маңыз берілді. Ө. Тұрманжанов (1957 ж.), С. Нұрышев (1959 ж.), М. Әлімбаев (1967 ж.), Б. Адамбаев құрастырған және басқа да жинақтар жарық көрді. Алайда, халық мәдениетінің дамуына қосқан зор үлесі, тарихи орны бар қазақ халқы ауыз әдебиетінің мақал, мәтел, нақыл сөз, жұмбақ, өтірік өлең, жаңылтпаш сияқты күрделі жанрлары ғылыми тұрғыдан толық зерттеліп болмағаны мәлім. «Мақал дегеніміз заманның сұқ қолында мәңгі-бақи жарқырайтын, бес сөзден құралған асыл жүзік» (Мақалнама, 1970:3) деген екен ағылшын ақыны А. Теннисон. Әдебиетші ғалым С.Н. Нұрышев: «мақал-мәтелдер заман шындықтарын танытарлық құдірет болуымен қатар, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты көрсететін күші бар. Мақал қилы-қилы құбылыстардың мәнін тамаша дәл айтып беретін нақыл сөздер жанры» (Нұрышев, 1959а:7) деп жазады. В. Радлов: «Қазақтар суырып салып айтуға ұста, тамаша шешендігімен ерекшеленеді» (Ел қазынасы – ескі сөз, 1994:8) деп жазады, қазақ халқының ақыл-ойы мен рухани дүниесін көрсететін сөз өнері туралы. Қазақ – сөз қадірін өз қадірім деп

білген халық. Кендігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған жұрт. Оның тарихы да, тағдыры да, тәлімі мен тәрбиесі де, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр (Билер сөзі, 1992:3). Қазақ халқының ауыз әдебиетінің ең байырғы, ең көне түрі – мақал-мәтелдер (Қазақтың мақалдары мен мәтелдері, 1959:3).

Қазақ мақал-мәтелдері халықтың тіршілігімен, тұрмыс-салтымен тығыз байланыста айтылып, одан тарихы, басып өткен шаруашылық, қоғамдық сатыларының ізі байқалады.

Жоғарыда аталған жинақтарда берілген түсінік дәрежесіндегі бірен-саран шағын алғы сөздерде, жалпы халық ауыз әдебиеті жайында жазылған шолу мақалаларда айтылғаны болмаса, қазақ мақал-мәтелдері қырқыншы жылдарға дейін арнайы сөз болып зерттелген емес. Бұл кезеңдерде М. Әуезовтің 1927 жылғы «Әдебиет тарихында», С. Сейфуллиннің «Таңдамалы шығармалар» жинағында мақал-мәтелдер қазақ халық ауыз әдебиетінің бір саласы ретіне аталып, топтап мысалдар келтірілген. Мұнда Сәкен Сейфуллин мақал-мәтелдерді шешендік сөздердің бір саласы ретінде қарастырған. М. Әуезов 1940 жылдардың басында «Қазақ халқының эпосы және фольклоры» атты зерттеуінде қазақтың мақалдары мен мәтелдерінің тұлғасы өлең түрінде жасалатын, мазмұны халықтың негізгі кәсібі малшылықпен байланысты болатын екі ерекшелігіне көңіл бөлген. Қазақ мақал-мәтелдерінің зерттелуі шын мағынасында «Қазақ әдебиетінің тарихында» басылған Б. Шалабаевтың «Мақал-мәтел» атты ғылыми очеркінен басталады (Алматы, 1948). Кеңес дәуіріндегі мақал-мәтелдерді жинау, жариялау жұмысы, әсіресе 50-жылдары әбден қанат жая бастады. Мақал-мәтел осыған дейін, көбінесе республикалық газеттер бетінде ғана жарияланып келсе, енді «Қызыл ту», «Оңтүстік Қазақстан», «Ленин жолы», «Есіл правдасы», «Коммунизм жолы» сияқты облыстық газеттерде де жиі жарияланды.

Мақал-мәтелдерді жан-жақты зерттеп талдағандардың бірі – Мәлік Ғабдуллин. Ол «Қазақ халық ауыз әдебиеті» (Ғабдуллин, 1958:70) атты еңбегінде қазақ мақал-мәтелдерін жинап, бастырушыларды атай кетіп, оның жанрлық табиғатын, әдеби-әлеуметтік мәнін анықтайды. Н. Төрешұловтың 1957 жылы шыққан «Қанатты сөздер» (Әлімбаев, 1977:13) атты жинағына бірнеше мақал-мәтелдер енген. Соңғы кезеңдерде балаларға арналып шығарылған жинақтарда мақал-мәтелдер көптеп кездеседі деп айтуға

боларлықтай. Осындай мол меңгерілген рухани мұра Абайдың болашақ туындылары мен шығармашылығында көрініс тапқан. Мысалы: «Сап-сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде «не күн туды басына», «сабыр түбі – сары алтын», «ауру да емес, сау да емес», «ағын судай екпіндеп» деп кездеседі. Сонымен қоса, Абайдың қара сөздерінде, оның ішінде «отыз тоғызыншы» қара сөзінде: «Ағайынның азары болса да, безері болмайды», «Аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» сияқты мақал-мәтелдерді кездестіруге болады. Ал, «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққан туралы» атты еңбегінде 10 мақал талданған (Абай, 1977: 312). Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күң етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ.

Мақал-мәтелдер халық шығармашылығының ежелгі жанры. «Халық арасында нақыл сөздер – әр түрлі тақырыптағы ауызша қысқа сөздер қай кездерден бастап жүре бастағанын анықтау өте қиын. Алғашқы мақал-мәтелдердің пайда болу уақыты да белгісіз, бірақ бір нәрсе анық: мақал-мәтелдер өте ертеде, есте жоқ ежелгі замандарда пайда болған және оның бүкіл даму тарихында адамдармен бірге дамып отырды (Жуков, 2007:12-13).

Орыс тіл білімінде мақал-мәтелдер бойынша ғылыми зерттеулер XVII ғасырда пайда бола бастады, бірақ тек XIX ғасырда. В.И. Даль өзінің «орыс халқының мақал-мәтелдері» сөздігінің кіріспе бөлімінде (Даль, 1989:47) мақал-мәтелдердің санына олардың арасында айқын айырмашылықтар жасамай-ақ, басқа сөздер мен фразеологиялық бірліктерді жатқызды. Мақал-мәтелдерді фольклордың бір бөлігі ретінде зерттеуде П.Г. Богатырев пен Р.О. Якобсонның «Фольклор шығармашылықтың ерекше формасы ретінде» деген жұмысы маңызды рөл атқарды (Буковская, 2009: 26). Орыс ғылыми дәстүрінде әлеуметтік-мәдени және сөйлеу құбылысы ретінде мақал-мәтелдерді зерттеуге филолог-зерттеушілер Ф.И. Буслаев, А.Н. Веселовский, В.И. Даль, Г.Л. Пермяков, И.М. Снегирев, А.А. Потебня және т. б. елеулі үлес қосты.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында мақал-мәтелдерді жіктеудің алғашқы әрекеттері жасалды, тақырыптық басылымдар пайда болды, олардың авторлары паремияларды ұқсас бірліктер шеңберінен ажыратуға тырысады (И.М. Снегирев, Ф.И. Буслаев). Фольклорлық жанрға ғана емес, тілдің бірлігі ретінде мақалға деген қызығушылықтың өсуі XX ғасырдың

елуінші жылдарының басында пайда бола бастайды.

Паремнология саласы көбінесе Г.Л. Пермяковтың есімімен байланысты (Потебня, 1989: 24). Ол «шағын фольклорлық жанрларды» жүйелеудің мүлдем жаңа принципін ұсынды (Потебня, 1989: 201). Г.Л. Пермяков эмбебап танымдық паремнологияның негізін қалады: ол жинаған эмпирикалық материалға 200-ден астам ұлттың 50 000-ға жуық сөздері кіреді. Г.Л. Пермяковтың еңбектері фольклорлық, әдеби және лингвистикалық тәсілдерді біріктіретін қазіргі лингвомәдени зерттеулердің негізіне айналды.

Мақал-мәтелдерді жинаушылардың, сондай-ақ паремнологиялық қордың заманауи зерттеушілерінің еңбектерін талдағаннан кейін И.М. Снегирев орыс филологиялық дәстүріндегі мақал-мәтелдерді зерттеудің төрт кезеңін шартты түрде анықтады:

1) синкретикалық (XVII ғасырға дейінгі кезең) – паремияның тілдің ерекше бірлігі ретінде қалыптасуы жүреді, онда халықтың моральдық-адамгершілік, әлеуметтік-ұйымдастырушылық, діни және күнделікті құндылықтары жинақталады;

2) ұжымдық (XVII-XIX ғасырдың басы) – қолжазба жинақтары құрастырылып, мақал-мәтелдер жинақтары жариялана бастайды;

3) анықтамалық (XIX ғ. 30-шы жж. – XX ғ. ортасы) – жинақтардағы мақал-мәтелдерді типологизациялаудың алғашқы әрекеттері, тақырыптық жарияланымдардың пайда болуы, ұқсас бірліктер шеңберінен паремияларды бөліп алуға ұмтылу;

4) әлеуметтік-мәдени (XX ғасырдың ортасы – қазіргі уақытқа дейін) – жалпы және тақырыптық жиналыстардың белсенді жариялануы, оның ішінде орыс және шет тілдерінен тұратын паремиялар; оларды зерттеудің әртүрлі тәсілдері; мақал-мәтелдердің мәртебесі туралы жаңа идеялар: олар тіл бірлігі ретінде қарастырылады. Сонымен бірге паремияларды олардың этномәдени ерекшелігі тұрғысынан, яғни олардағы халықтың менталитетін көрсету тұрғысынан талдау белсенді жүргізілуде.

Мақал-мәтелдерде «халық рухы», оның дүниетанымының ерекшеліктері мен құндылық басымдықтары, этностың адамгершілік және эстетикалық тәжірибесі мен білімі бар. Олардағы орталық фигура әрқашан адам өзінің әртүрлі көріністерінде әрекет етеді. Көптеген мақал-мәтелдерде адамның іс-әрекетін, оқиғалары мен құбылыстарын эмоционалды-экспрессивті бағалау бар.

Жоғарыда жазылған мәліметтерді салыстыра келе орыс тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелу тарихы қазақ тіліне қарағанда ғылыми тұрғыдан ертерек басталғанын байқауымызға болады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді зерттеу барысында бірінші кезеңде тек жинақтау мәселесі басты мақсат болса, орыс тіліндегі мақал-мәтелдер бірден сараланып, ғылыми түрде анықтама беріле бастаған. Қазақ мақал-мәтелдеріне XX ғасырдың екінші жартысында ғана жүйелі түрде зерттеліп, зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Және осы мақал-мәтелдерге зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында кейбір айырмашылықтар мен мұндалап көзге түсетінін айта кету керек. Мысалы: орыс тілінде нақты мекен-жайлар туралы мақал-мәтелдер өте көп, ал қазақ тілінде оның барлығы жалпылама «туған жер» деген түсінікпен айтылады. Немесе орыс тілінде «мал» деген тақырыптағы мақал-мәтелдерде тек қана шошқа, сиыр тақырыбы көп кездесе, қазақтарда «мал» тақырыбында төрт түлік туралы мақал-мәтелдер өте көп. Қазақ халқының мақал-мәтелдері көбіне өзіне жақын, өз қажетін өтеуге жәрдемі тиетін үй хайуандары, малдардан басталады. Мәселен: «Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір», «Қой жайын көздесең, құмға көш, сиыр жайын көздесең Сырға көш», «Малды жаман баққан, келген бақты қаққан», «Қойды жел ұшырса, ешкіні аспанда көр», «Мал кедейлігінен ақыл кедейлігі жаман», «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде», «Арық атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас, жаман адамға мал бітсе, қасына қоңсы қондырмас», «Қойшы көп болса, қой арам өлер», «Жақсының қадірі өлгенде білінер, жақсы аттың қадірі мінгенде білінер», «Қойың саны мыңға жетсе, керегенің басынан бас кетпейді» және басқа да мақал-мәтелдер қазақ халқының көшпелі тұрмыс жағдайына сәйкес айтылған.

Мұнай өндіру немесе ара шаруашылығымен айналысып бал алу жайында мақал-мәтел кездеспейді. Алайда, орыс халқының «Бір қасық мұнай бір бөшке балды бұзады» деген мақалындағы ой, мал шаруашылығымен айналысқан қазақтар арасында «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақал-мәтелмен сәйкес келеді. Мағыналық тұрғыдан өте ұқсас. Тек қана әр халық өзінің өмір сүру салтымен түсіндіреді.

Қорытынды

Қорыта келгенде мақал мен мәтел – халықтың өзімен ғасырлар бойы бірге жасап

келе жатқан, қоғамның, жеке адам өмірінің барлық саласына қатысты айтылатын, тарих ғылымы үшін маңызды дерек. Мақал-мәтел халықтың өмірін, тұрмыс-салтын, тіршілік ету сипатын, ғасырлар бойғы кәсібін, өмір сүрген ортасын танытып қана қоймай, халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін, өсу, өркендеу деңгейін де көрсететін тарихи дерек көзі. Философия, психология, мәдениеттану және басқа да ғылым салаларын байланыста зерттеген Густав Густавович Шпет: «Адамның, халықтың, топтың «рухани құрылымы» күнделікті өмірде басқа да нақты тарихи шындықпен үндесіп және басқа да факторлармен байланысып жатады» (Шпет, 1996: 143) – деп жазады, яғни жекелеген адамдардың тауып айтқан мақал-мәтел, ақыл-нақыл сөздерінде ру-тайпаның, ұлттың саяси, элеуметтік, рухани-мәдени өмірі, психология-

сы, тарихы көрініс береді. Сондықтан мақал-мәтелдерді, ақыл-нақыл сөздерді әр қырынан алып, жан-жақты зерттеген орынды.

«Қазақ халқы – еңкейгенге басы жерге жеткенше иіле алады, шалқайғанға шалқая біледі. Шірене қалса, асқар-асқар тауларына сүйсінеді, еңкейе қалса кең елін көреді, қаз-қатар тұра қалса, азаматтығына, өзінің парасаттылығына сенеді. Сөйлесе Қазыбек бидей шешендігі бар, Төле бидей көсемдігі бар, Әйтеке бидей өктемдігі бар, айтыса қалса Жамбылдай ақыны бар, дауласа қалса Бөгенбайдай ерлігі бар, Бауыржандай өрлігі бар, Қабанбайдай ірілігі бар, қиыннан қиыстырып жол табар Абылайдай тірлігі бар ел», – деп М. Қозыбаев айтпақшы әрбір сөйлеген сөзі мақал болатын қазақ халқының мақал-мәтелдерін зерттеу жұмыстары әлі де жалғасын табады деп сенеміз.

Әдебиеттер

- Абай Құнанбаев (1977) Шығармалары. II том. Алматы: Ғылым, 312 б.
- Адамбаев Б. (1976) Халық даналығы. Алматы: Мектеп, 187 б.
- Ақмұқанова Б. (1950) Сөзбасы / Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы: Ана тілі, 156 б.
- Алефиренко Н.Ф. (2018) Фразеология и паремология. 3-е изд., Москва: Флинта. 183 с.
- Әлімбаев М. (1977) Ақ серек те, көк серек: такпақтар, дастандар, ән-өлеңдер, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтелдер. Алматы: Жалын. 192 б.
- Әлімбаев М. (1999) Нақылдың төркіннамасы. Алматы: Мектеп, 213 б.
- Билер сөзі. (1992) Алматы: Қазақ университеті: 176 б.
- Буковская М.В., Вьяльцева С.И., Дубянская З.И., Зайцева А.П. (2009) Словарь употребительных английских пословиц. Москва: Просвещение. 234 с.
- Ғабдуллин М. (1958) Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 143 б.
- Даль В.И. (1989) Толковый словарь живого великорусского языка. Москва: «Русский язык». 683 б.
- Жуков В.П. (2007). Словарь русских пословиц и поговорок. Москва: Русский язык. 544 с.
- Ел аузынан (1985). Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер. Алматы: Жазушы. 182 б.
- Ел қазынасы – ескі сөз. (1994). (В.В. Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері). Алматы: Ғылым. 211 б.
- Мақалнама (1970). (Әр елдің мақал-мәтелдерінен және ойшылдарының нақылдарынан). / Аударған М. Әлімбаев. Алматы: Жазушы. 214 б.
- Махат Д. (2019) Мақал-мәтелдер – қазақ тарихының дерек көзі. Алматы: ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. Том 93. №2. 192-199.
- Нұрышов С.Н. (1959) Қазақтың халық мақалдарының даму тарихынан. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 210 б.
- Потебня А.А. (1989) Слово и миф. Москва: «Правда». 622 с.
- Пермяков Г.Л. (1988) Основы структурной паремологии. Москва: Наука. 285 с.
- Төреқұлов Н. (1977) Қанатты сөздер. Алматы: Жазушы, 221 б.
- Ошева Е.Н. (2013) Паремнологическое пространство: дискуссионные вопросы Исследовательский журнал русского языка и литературы. № 1 (1). С. 75-88.
- Шпет Г.Г. (1996). Введение в этническую психологию. Санкт-Петербург: Издательский дом «П.Э.Т. при участии издательства «Алетейя». 273 с.
- Longman Dictionary of English Idioms, (1996). London, Oxford Advanced Learner's Dictionary. (2005). Oxford University Press.

References

- Abai Kunanbayev (1977). Shygarmalary [The works of A. Kunanbayev] II tom. Almaty: Gylym, 312b.
- Adambayev B. (1976). Khalyk danalygy [Wisdom of the nation]. Almaty: Mektep. 187 b
- Akmukanova B. (2018). Sozbasy. Kazaktyn makal-matelderi [Proverbs and sayings of the Kazakhs]. Almaty: Ana tili 156 b
- Alefirenko N.F. (1950). Frazeologiya i paremiologiya. [Phraseology and paremiology] 3-e izd., Moskva: Flinta 183 s

- Alimbaev M. (1977). Ak serek te, kok serek: takpaktar, dastandar, an-olender, jumbak, janyltpash, makal-matelder [poem, riddles, songs, tongue twisters, proverbs and sayings] Almaty: Jalyn, 192
- Alimbaev M. (1999). Nakyldyn torkinnamasy [Torkinnama of wisdom]. Almaty: Mektep, 213b
- Biler sozi (1992) [The word of knowing]. Almaty: Kazak universiteti, 176.
- Bykovskaya M.V., Vialtseva S.I., Dybianskaya Z.I., Zaitseva A.P. (2009). Slovar upotrebitelnyh angliiskih poslovits. [Dictionary of Common English Proverbs] Moskva: Prosveshenie, 234
- Gabdyllin M. (1958). Kazak halkynyn ayyz adebieti. [Oral literature of the Kazakh people] Almaty: Ana tili 156 b
- Dal V.I. (1991). Tolkovy slovar zhivogo velikorysskogo yazyka. [Explanatory dictionary of the living Great Russian language.] Moskva: «Rysskii yazyk», 683 s.
- Zhykov V.P. (2007). Slovar rysskih poslovits i pogovorok. [Dictionary of Russian Proverbs and Sayings] Moskva: Rysskii yazyk, 544 s.
- El ayzynan (1985). Sheshendik sozder, akyn dyk tolgamdar, anyz angimeler. [Oratorical words, poetic retellings, legends]. Almaty: Zhazushy, 182 b
- El kazynasy – eski soz. (1994) (V.V. Radlov zhinagan kazak folklorynyn ulgileri). [Samples of Kazakh folklore collected by V. V. Radlov]. Almaty: Gylym, 211 b.
- Makalnama (1970). (Ar eldin maqal-matelderinen jane oishyldarynyn nakyldarynan) [From proverbs and sayings of different countries and from the mouths of thinkers]. Aydarǵan Alimbaev M. Almaty: Jazyshy, 214 b
- Mahat D. (2019). Makal-matelder – kazak tarihnyn derek kozi. [Proverbs and sayings-the source of Kazakh history]. Almaty: KazUY Habarshysy. Tarih Seriyasy, Tom 93 №2. 192-199.
- Nuryshov S.N. (1959). Kazaktyn halyk makaldarynyn damy tarihnyn. [From the history of the development of Kazakh folk proverbs] Almaty: Kazaktyn Memlekettik korkem adebiet baspasy». 210 b
- Potebnyia A.A. (1989). Slovo i mif. [Word and myth]. Moskva: «Pravda», 622 s.
- Permyakov G.L. (1988). Osnovy stryktyrnoi paremiologii. [Fundamentals of structural paremiology]. Moskva: Nayka 285s
- Torekulov N. (1977). Kanatty sozder. [Winged words]. Almaty: Jazyshy 221 b
- Osheva E. (2013) Paremiologicheskoe prostranstvo: diskussionnyie voprosy [Paremiological space: discussion questions] Issledovatel'skiy jurnal russkogo yazyka i literatury. № 1(1). P. 75-88.
- Shpet G.G. (1996). Vvedenie v etnicheskuyu psikhologiyu [Introduction to ethnic psychology]. St. Petersburg: Izdatelskiy dom «P.E.T. pri uchastii izdatelstva «Aleteya». 273 c
- Longman Dictionary of English Idioms, (1996). London
- Oxford Advanced Learner's Dictionary (2005). Oxford University Press.